

Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингін жүргізу қағидаларын және оны есептеу әдістемесін бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2019 жылғы 29 сәуірдегі № 84 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 2 мамырда № 18617 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2024 жылғы 10 қыркүйектегі № 416-НҚ бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 10.09.2024 № 416-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрық 11.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі**

"Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасының Заны 4-3-бабының 13-2) тармақшасына сәйкес БҮЙЫРАМЫН:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 05.10.2022 № 419 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**1. Мыналар:**

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингін жүргізу қағидалары;

2. осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингін есептеу әдістемесі бекітілсін.

**Мыналардың:**

1) "Бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндеттін атқарушының 2016 жылғы 26 қантардағы № 73 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13132 болып тіркелген, 2016 жылғы 24 ақпанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

2) "Бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің

міндетін атқаруышының 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 73 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2016 жылғы 27 маусымдағы № 13 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13989 болып тіркелген, 2016 жылғы 26 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік саясат департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап құнтізбелік он күн ішінде оны Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық жарияланғаннан кейін оны кейін Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жариялануға тиіс және 2019 жылғы 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ақпарат және қоғамдық даму министри

Д. Абаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Үлттүк  
экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Ақпарат және қоғамдық  
даму министрінің  
2019 жылғы 29 сәуірдегі  
№ 84 бұйрығына  
1-қосымша

**Қазақстан Республикасы аумагында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингін жүргізу қағидалары**

## **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Қағидалар "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 4-3-бабының 13-2) тармақшасына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасы аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингін жүргізу тәртібін айқындайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 05.10.2022 № 419 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) бұқаралық ақпарат құралы – мерзімді баспасөз басылымы, теле-, радиоарна, киноқұжаттама, дыбыс-бейне жазбасы және интернет-ресурстарды қоса алғанда, бұқаралық ақпаратты мерзімді немесе үздіксіз бұқаралық таратудың басқа да нысаны;

2) бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингі – бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін жинау және оны Қазақстан Республикасының заңнамасын сактау түрғысынан талдау процесі;

3) бұқаралық ақпарат құралының өнімі – мерзімді баспасөз басылымының жеке нөмірінің немесе дыбыс-бейне бағдарламасының таралымы немесе таралымының бір бөлігі, радио-, теле-, кинохроникалық бағдарламалардың жеке шығарылымы, интернет-ресурста орналастырылған ақпарат;

4) желілік басылым – ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, уәкілетті органда есепке қою рәсімінен өткен интернет-ресурс;

5) интернет-ресурс – аппараттық-бағдарламалық кешенде орналастырылатын, бірегей желілік адресі және (немесе) домендік аты бар және Интернетте жұмыс істейтін, мәтіндік, графикалық, аудиокөрінімді немесе өзге де түрде бейнеленетін электрондық ақпараттық ресурс;

6) мерзімді баспасөз басылымы – тұрақты атауы, ағымдағы нөмірі бар және кемінде үш айда бір рет шығарылатын газет, журнал, альманах, бюллетень, оларға қосымша;

7) теле-, радиоарна – кейіннен трансляциялау және (немесе) ретрансляциялау үшін хабар тарату торына сәйкес қалыптастырылған теле-, радиобағдарламалар мен дыбыс-бейне туындыларының, сюжеттер мен материалдардың жиынтығын білдіретін бұқаралық ақпарат құралы;

3. Бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингі "Ұлттық ақпараттық қеңістіктің автоматтандырылған мониторингі" ақпараттық жүйесін пайдаланумен жүзеге асырылады.

## **2-тaraу. Қазақстан Республикасы аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингін жүргізу тәртібі**

4. Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингін Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының бұзылуын анықтау және тіркеу мақсатында бұқаралық ақпарат құралдары және телерадио хабарларын тарату саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) жүргізеді.

5. Мониторинг объектісі мыналар болып табылады:

- 1) теле-, радиоарналар;
- 2) мерзімді баспа басылымдар;
- 3) интернет-ресурстар және желілік басылымдар;
- 4) кинокүжаттама;
- 5) дыбыс-бейне жазба.

6. Бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингін жүргізу келесі кезеңдерден тұрады:

- 1) бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін қарau (тындау), бұзушылықтарды анықтау, тіркеу және жинақтау;
- 2) бұқаралық ақпарат құралдарындағы бұзушылықтар туралы ақпаратты құқықтық талдау және жинақтау;
- 3) уәкілетті орган жүргізетін заңнаманың анықталған бұзушылық фактілерін қосымша талдау.

7. Мониторинг нәтижелері бойынша мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) адресат туралы негізгі деректер:

мерзімді баспасөз басылымдары үшін – бұқаралық ақпарат құралы меншік иесінің атауы, заңды мекенжайы, электрондық поштаның ресми мекенжайы;

теле -, радиоарналар үшін – бұқаралық ақпарат құралы меншік иесінің атауы, заңды мекенжайы, электрондық поштаның ресми мекенжайы;

желілік басылымдар, ақпараттық агенттіктер және интернет-ресурстар үшін – желілік басылымдар меншік иесінің, ақпараттық агенттіктің, интернет-ресурстың атауы, заңды мекенжайы, интернет-ресурстың IP-мекенжайы, бар болса – электрондық поштаның ресми мекенжайы. Интернет-ресурстың меншік иесі туралы мәліметтерді анықтау мүмкін болмаған жағдайда уәкілетті орган серверде орналасқан хостинг-провайдердің мекенжайына хабарлама жібереді.

2) сипаттау-дәлелдеу бөлігі:

ақпаратты талдау және жинау нәтижелері.

3) қосымша (дәлелді материалдар):

мерзімді баспа басылымдары үшін -талдау нәтижесінен шыққан басылым фрагментінің сканерленген көшірмесі;

теле -, радиоарналар үшін – электрондық тасымалдағышта жазу, талдау нәтижесінен алынған материалдың экрандық суреттері;

желілік басылымдар, ақпараттық агенттіктер және интернет-ресурстар – ақпаратты тарату тәсіліне байланысты экрандық суреттер, электрондық тасымалдағыштағы жазба.

8. Бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингін техникалық және әдістемелік қамтамасыз ету бойынша мониторинг жүргізу үшін уәкілетті орган бюджеттік заңнамаға сәйкес мониторингті техникалық және әдістемелік қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды орындастын ұйымды (бұдан әрі – ұйым) шарт негізінде қатыстырады.

9. Уәкілетті орган әдістемелік және техникалық қолдау көмегімен, оның ішінде ұйымдардан мәліметтер ала отырып, бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингі процесінде, сондай-ақ мемлекеттік органдардың хабарламалары бойынша, уәкілетті органға жіберілген жеке және занды тұлғалардың өтініштері, лауазымды тұлғалардың сұрау салулары бойынша анықталған Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзушылықтарын тіркеуді және жинауды жүргізеді .

10. Бұқаралық ақпарат құралдарының бұзушылықтарын қарау (тындау), тіркеу және жинақтау арқылы жүргізілген бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингі нәтижелері бойынша уәкілетті орган Заңың 4-5-бабына сәйкес бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау жүргізу шенберінде шаралар қабылдайды.

11. Қылмыстық жауапкершілікке алып келетін Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзушылықтарын жіктеу кезінде уәкілетті орган құзыретіне бұзушылықтардың аталған түрі бойынша істерді қарау жататын мемлекеттік органға анықталған бұзушылықтармен материалдарды жібереді.

12. Уәкілетті орган жыл қорытындысы бойынша бұқаралық ақпарат құралдарына жүргізілген мониторинг туралы қорытынды ақпаратты өз интернет-ресурсында келесі жылдың бірінші айының 30 күнінен кешіктірмей орналастырады.

Қазақстан Республикасы  
Ақпарат және қоғамдық  
даму министрінің  
2019 жылғы 29 сәуірдегі  
№ 84 бұйрығына  
2-қосымша

**Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингін есептеу әдістемесі**

## **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингін есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Зан) 4-3-бабының 13-2) тармақшасына сәйкес өзірленген және Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингін есептеу, сондай-ақ қазақ тіліндегі теле-, радиобағдарламалардың хабар тарату, теле-, радиоарналарда қазақ тіліндегі жарнаманың тең бөліну көлемдерін, отандық өндірістің теле-, радиобағдарламаларының және музыкалық шығармаларының көлемдерін, шетелдік теле-, радиоарналардың теле-, радиобағдарламаларын ретрансляциялау көлемдерін, теле-, радиоарналарда жарнаманың тәулікпен алғандағы көлемдерін, теле-, радиоарналарда бір сағат хабар тарату уақыты ішінде жергілікті уақыт бойынша он сегіз сағаттан бастап жиырма үш сағатқа дейінгі уақыт аралығындағы кезеңде жарнама ұзақтығының жалпы көлемін, жарнамалық сипаттағы хабарламаларға және материалдарға мамандандырылмаған телеарналарда телесауда көлемдерін есептеу тәсілдерін айқындаиды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 05.10.2022 № 419 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Осы әдістемеде мынадай ұғымдар қолданылады:

1) ақпараттық-талдамалық телебағдарлама - көрермендер аудиториясы үшін қоғамдық маңызды қызығушылықты тудыртатын белгілі бір уақыт аралығында орын алған оқығалардың жүйелендірілген ақпараты мен талдауын қамтитын телебағдарлама;

2) әлеуметтік жарнама – адамдардың беймәлім тобына арналған және қайырымдылық пен коммерциялық емес сипаттағы өзге де қоғамдық пайдалы мақсаттарға қол жеткізуге, сондай-ақ мемлекет мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған ақпарат;

3) бұқаралық ақпарат құралы – мерзімді баспасөз басылымы, теле-, радиоарна, киноқұжаттама, дыбыс-бейне жазбасы және интернет-ресурстарды қоса алғанда, бұқаралық ақпаратты мерзімді немесе үздіксіз бұқаралық таратудың өзге де нысаны;

4) бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингі – бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін жинау және оны Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау түрғысынан талдау процесі;

5) бұқаралық ақпарат құралының өнімі – мерзімді баспасөз басылымының жеке нөмірінің немесе дыбыс-бейне бағдарламасының таралымы немесе

таралымының бір бөлігі, радио-, теле-, кинохроникалық бағдарламалардың жеке шығарылымы, интернет-ресурста орналастырылған ақпарат;

6) жаңалықты телебағдарлама – қоғамдық маңызды оқиғалар туралы жаңалықтарды қамтитын телебағдарлама;

7) жарнама – адамдардың беймәлім тобына арналған және жеке немесе занды тұлғаларға, тауарларға, тауар белгілеріне, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге қызығушылықты қалыптастыруға немесе қолдауға арналған және оларды өткізуге ықпал ететін кез келген нысанда, кез келген құралдардың көмегімен таратылатын және орналастырылатын ақпарат;

8) жас санатының белгісі – жас санатын графикалық және (немесе) мәтіндік белгілеу;

9) жүгіртпе жол – сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінде орналастырылатын немесе телеарналар бойынша кино және бейне қызмет көрсетуде берілетін жарнаманы тарату тәсілі, бұл жиынтығында белгілі бір ақпаратты құрайтын әріптер, цифrlар, белгілер тіркесінің тізбектесіп алмасуымен (қозғалуымен) сипатталады;

10) қосымша ақпарат – мазмұны телерадио хабарларын тарату сигналының құрамында берілетін негізгі телебағдарламаның мазмұнына байланысты емес, бір жиілікті және (немесе) эфир уақытын пайдалана отырып, негізгі телебағдарламамен бір уақытта трансляцияланатын әріптік, цифрлық, графикалық ақпарат;

11) отандық теле-, радиобағдарламалар – Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлерде жүзеге асыратын теле-, радиокомпаниялар немесе жеке және занды тұлғалар жасаған теле-, радиобағдарламалар;

12) ретрансляция – телекоммуникациялардың техникалық құралдарын пайдалана отырып, телекоммуникация желілерінде де теле-, радиобағдарламаларды, теле-, радиоарналарды қабылдау және сонымен бір мезгілде не жазып алып тарату;

13) телесауда – тауарларды өткізу немесе қызметтерді көрсету мақсатында телеарнадағы жария ұсыныс;

14) трансляция – телекоммуникациялардың техникалық құралдарын пайдалана отырып, телекоммуникациялар желілерінде де теле-, радиоарналардың сигналын бастапқы тарату;

15) теле-, радиобағдарлама – тиісті атауы, хабар тарату көлемі бар және теле-, радиоарнаның басқа бөлімдеріне қарамастан пайдаланылуы мүмкін теле-, радиоарнаның мазмұны жағынан аяқталған бөлімі;

16) теле-, радиоарна – кейіннен трансляциялау және (немесе) ретрансляциялау үшін хабар тарату кестесіне сәйкес қалыптастырылған теле-,

радиобағдарламалар мен дыбыс-бейне туындыларының, сюжеттер мен материалдардың жиынтығын білдіретін бұқаралық ақпарат құралы;

17) теле-, радиоарнаның өз ақпараты (анонс) – үшінші жақтың жарнамасын қамтыймайтын, теле-, радиоарнаның өз өнімі туралы ақпараты (анонс);

18) хабар тарату кестесі – хабар таратудың бағдарламалық тұжырымдамасының нақты кезеңдегі негізгі бағыттарын көрсететін, теле-, радиобағдарламалардың тізбесі, реттілігі, атауы, эфирге шығу уақыты;

19) эфирге шығу – ұқсас және цифрлық электромагнитті жүйелерді пайдалана отырып, теле-, радиобағдарламаларды, дыбыс-бейне жазбаларды тарату.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – КР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің м.а. 05.08.2019 № 263 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **2-тaraу. Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдары мониторингін есептеу тәсілдері**

3. Осы Әдістемеде есептеудің мынадай түрлері көзделген:

1) қазақ тіліндегі теле-, радиобағдарламалардың хабар тарату көлемі;

2) теле-, радиобағдарламалардағы қазақ тіліндегі жарнаманы тең бөлу;

3) отандық өндірістің теле-, радиобағдарламаларының және музыкалық шығармаларының көлемі;

4) шетелдік теле-, радиоарналардың теле-, радиобағдарламаларын ретрансляциялау көлемі;

5) теле-, радиоарналарда жарнаманың тәулікпен алғандағы көлемі;

6) теле-, радиоарналарда бір сағат хабар тарату уақыты ішінде жергілікті уақыт бойынша он сегіз сағаттан бастап жиырма үш сағатқа дейінгі уақыт аралығындағы кезеңде жарнама ұзақтығының жалпы көлемі;

7) жарнамалық сипаттағы хабарламаларға және материалдарға мамандандырылмаған телеарналардағы телесауда көлемі;

8) Экран алаңынан коммерциялық жарнама сипатындағы, жарнаманы қосарластыру және жүгіртпе жол түріндегі қосымша ақпарат алаңы.

4. Теле-, радиоарналардың жазбаларын қарауды (тыңдауды) "Ұлттық ақпараттық қеңістіктің автоматтандырылған мониторингі" ақпараттық жүйесін қолдана отырып, бейне мен дыбысты тыңдалап-көру мүмкіндігі бар дербес аппараттық-бағдарламалық кешендерде мамандар жүргізеді.

Теле-, радиоарналардың эфирін жазу телерадио хабарларын тарату операторлары беретін форматта жүзеге асырылады.

5. Теле-, радиоарналардың өніміне мониторинг жүргізу кезінде мынадай элементтер тіркеледі:

1) теле-, радиобағдарлама;

2) жарнама;

3) эфирлік қосымшалар (Мемлекеттік Гимнің орындалуы, теле-, радиоарнаның өз атауын хабарлауы, теле-, радиоарнаның өз ақпараты (анонс);

4) әлеуметтік жарнама;

5) техникалық үзілістер.

6) қосымша ақпарат;

7) музикалық шығарма;

8) телесауда.

6. Теле-, радиоарналардың мониторингін жүргізудің толықтығын қамтамасыз ету үшін мынадай параметрлер тіркеледі:

1) теле-, радиобағдарламаларға қатысты – ұзақтығы, саны, тілі, өндіруші елі, жас санаты белгісінің, ретрансляцияның болуы;

2) жарнамаға қатысты – ұзақтығы, тілі, Заң және "Жарнама туралы" Заң бұзушылықтарының орын алуы;

3) әлеуметтік жарнамаға қатысты – тілі, шығу саны;

4) қосымша ақпаратқа қатысты – қосарластыру алаңы;

5) музикалық шығармаларға қатысты – саны, өндіруші елі;

6) телесаудаға қатысты – ұзақтығы, тілі.

Техникалық үзілістер теле-, радиоарналардың тәуліктік эфирінің жалпы көлемінде ескерілмейді.

### **1-параграф. Қазақ тіліндегі теле-, радиобағдарламалардың хабар тарату көлемін есептеу әдістемесі**

7. Қазақ тіліндегі теле-, радиобағдарламалардың хабар тарату көлемін есептеу екі бағытты қамтиды:

1) қазақ тіліндегі теле-, радиобағдарламалардың апта сайынғы хабар тарату көлемі;

2) жергілікті уақыт бойынша нөл сағаттан бастап есептелетін, әрқайсысының ұзақтығы алты сағаттық уақыт аралығындағы қазақ тіліндегі теле-, радиобағдарламалардың көлемі.

8. Тіл теңгеріміне қойылатын талаптарды сақтау нысанасында теле-, радиоарналарға мониторинг жүргізу кезінде мынадай өлшемшарттар ескеріледі:

1) қазақ тіліндегі теле-, радиобағдарламалардың көлемі оларды трансляциялау (ретрансляциялау) уақытында қазақ тілінде айтылатын теле-, радиобағдарламаларды қамтиды. Басқа тілдегі (орыс, ағылшын және басқа) теле-, радиобағдарламалардың көлемін қазақ тілінен өзгеше тілде дыбыстық сүйемелдеуі бар теле-, радиобағдарламалар құрайды;

2) көп тілді теле-, радиобағдарламалар – егер теле-, радиобағдарламаларды трансляциялау уақытында сейлеу тілі екі және одан да астам тілде болса, теле-,

радиобағдарламалардың қазақ және басқа тілдердегі хабар тарату уақыты бөлек тіркеледі;

3) сөзбен сүйемелденбейтін теле-, радиобағдарламалар – оларды сүйемелдеуде қандай да бір тілдегі сөзді және оның негізгі мазмұнымен байланысты ақпаратты қамтымайтын теле-, радиобағдарламалардың көлемі "Телерадио хабарларын тарату туралы" Қазақстан Республикасының Заны (бұдан әрі – "Телерадио хабарларын тарату туралы" Зан) 10-бабының 1-тармағында және 2-тармағында белгіленген заңнаманың талаптарын сақтау тұрғысындағы мониторингте ескерілмейді;

4) отандық теле-, радиоарна ретрансляциялайтын шетелдік теле-, радиобағдарламалардың ұзақтығы жарнама уақыты, техникалық үзіліс және эфирлік қосымшалар есепке алынбай тіркеледі;

5) телеарналарда тарату кезінде субтитрлер түріндегі телебағдарламалар аудармасы қазақ тіліндегі телебағдарламалардың жалпы көлемінде ескерілмейді;

6) жарнама, эфирлік қосымшалар (Мемлекеттік Гимннің орындалуы, теле-, радиоарнаның өз атауын хабарлауы, теле-, радиоарнаның өз ақпараты (анонс), әлеуметтік жарнама, қосымша ақпарат мемлекеттік тілдегі теле-, радиобағдарламалардың жалпы көлеміне енгізілмейді;

7) бір теле-, радиобағдарламадан екіншісіне көшу кезінде көшу жүзеге асырылатын теле-, радиобағдарламаның тілі тіркеледі.

Сөйлеу арасындағы үзіліс уақыты соңғы айтылған тілдің уақытына жатады.

Дербес эфир оқиғасы ретінде таратылатын және музыкалық сипаттағы хабарлар мен материалдарда маманданған радиоарналардағы радиобағдарламаларда немесе телеарналардағы телебағдарламаларда таратылатын музыкалық туындылар "Телерадио хабарларын тарату туралы" Заның 10-бабының 2-тармағында белгіленген заңнаманың талаптарын сақтау тұрғысындағы мониторингте ескерілмейді.

Телеарналар қазақ тілінде негізгі дыбыстық сүйемелдеуі бар көп арналы хабар беруді пайдаланған жағдайда, "Телерадио хабарларын тарату туралы" Заның 10-бабының 2-тармағында белгіленген заңнама талаптарын сақтау тұрғысында осы телеарнаның басқа тілдегі дыбыстық жолдары бар мониторингі жүзеге асырылмайды.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 10.11.2020 № 365 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 05.10.2022 № 419 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

9. Жол берілетін қателіктің мөлшері эфирдің 360 минутінен  $\leq 1,38\%$  құрайды. Аталған қателікті ескере отырып, бұзуды тіркеу қазақ тілдегі теле-, радиобағдарламалардың көлемі  $\leq 48,6\%$  құраған жағдайларда жүргізіледі. Осы тәсіл апталық көлемдегі тілдік теңгерімді есептеген кезде қолданылады.

10. Егер эфир толығымен алты сағатты алмаған жағдайда, тілдік теңгерімге қойылатын талаптар хабар тарату уақытына қолданылады.

Егер уақыт аралығында техникалық іркілістер анықталған жағдайда, қазақ тіліндегі теле-, радиобағдарламалардың көлемін есептеу аталған аралықта жүзеге асырылмайды.

Қазақ тіліндегі теле-, радиобағдарламалардың көлемі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\frac{T_{kz}}{T_{kz} + T_{fl}} * 100\% = T_{kz}\%$$

мұнда:

$T_{kz}$  - қазақ тіліндегі теле-, радиобағдарламалардың ұзақтығы минутпен алғанда;

$T_{fl}$  - басқа тілдердегі теле-, радиобағдарламалардың ұзақтығы минутпен алғанда;

$T_{kz}\%$  - қазақ тіліндегі теле-, радиобағдарламалардың көлемі.

**2-параграф. Теле-, радиоарналарда қазақ тіліндегі жарнаманы тен бөлуді есептеу əдістемесі**

11. "Жарнама туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – "Жарнама туралы" Зан) талаптарын сақтау мәнінде теле-, радиоарналардың мониторингін жүргізу кезінде әлеуметтік жарнамалық роликтер, жүгіртпе жол, теле-, радиоарнаның өз ақпараты (анонс) жарнаманың көлемін есептеу кезінде ескерілмейді.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 05.10.2022 № 419 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.**

12. Қазақ тіліндегі жарнаманы тен бөлуді есептеу кезінде теле-, радиоарналарда мынадай өлшемшарттар қолданылады:

1) теле-, радиоарналарда қазақ тіліндегі жарнаманың көлемі оларды трансляциялау уақытында қазақ тіліндегі айтылатын жарнаманы қамтиды;

2) қазақ тіліндегі жарнаманы тен таратуды есептеу жергілікті уақыт бойынша нөл сағаттан бастап есептелетін, әрқайсысының ұзақтығы әрбір алты сағаттың

уақыт аралығында басқа тілдердегі жарнама уақытының жиынтық хронометражына қатысты қазақ тіліндегі жарнама уақытының жалпы хронометражының тең арақатынасын талдау болып табылады. Бұл ретте ұзақтығы әрбір алты сағаттық уақыт аралығында жарнама уақытының жалпы хронометражы басқа интервалдарға сәйкес келмеуі мүмкін, бұл қазақ тіліндегі жарнаманы тең бөлу туралы норманы бұзушылық болып табылмайды. Аталған норманың орындалуын талдау мақсатында әрбір алты сағаттық уақыт аралығы дербес уақыт аралығы ретінде қаралады.

3) жарнама орналастырылмайтын уақыт аралықтары тіркелмейді;

4) жергілікті уақыт бойынша нөл сағаттан бастап есептелетін, әрқайсысының ұзақтығы алты сағаттық уақыт аралығында техникалық іркілістер анықталған жағдайда, аталған уақыт аралығында жарнаманың көлемін есептеу жүзеге асырылмайды.

13. "Жарнама туралы" Заңының талаптарын сақтау мәнінде телеарналардың өніміне мониторинг жүргізу кезінде мынадай:

1) қазақ тілінде толық дыбысталған немесе мәтінмен сүйемелденетін;

2) шет тілдерінде мәтіні бар, бірақ қазақ тілінде дыбысталған титрлерді және/немесе музыкалық шығармаларды қамтитын;

3) сауда белгілерінің (маркаларының, брендтерінің) түпнұсқалық атаулары және/немесе заңды тұлғалардың атаулары және/немесе тауарлардың атаулары шет тілдерінде дыбысталған, бірақ қазақ тіліндегі мәтіндік хабарландырумен сүйемелденетін;

4) дыбыстық мәтіндік сүйемелдеу қамтылмаған, бірақ қазақ тіліндегі титрлері бар жарнамалық хабарландырулар ескеріледі.

14. Қазақ тіліндегі жарнаманы тең бөлу көлемін есептеу үшін мына формула қолданылады:

$$\frac{TAkz}{TAkz+TAfl} * 100\% = TAkz\%$$

Мұнда:

TAkz - қазақ тіліндегі жарнаманың ұзақтығы, минутпен алғанда;

TAfl - басқа тілдердегі жарнаманың ұзақтығы, минутпен алғанда;

TAkz% - қазақ тіліндегі жарнаманың көлемі.

15. Теле-, радиоарнаның эфирін есепке алу және жазу технологиясына байланысты жол берілген қателіктің мөлшері жергілікті уақыт бойынша нөл сағаттан бастап есептелетін, әрқайсысының ұзақтығы әрбір алты сағаттық уақыт аралығында эфирдің 3 минутын құрайды. Аталған қателікті ескере отырып,

бұзушылықты тіркеу теле-, радиоарналарда қазақ және орыс тілдеріндегі жарнама көлемінің арақатынасы >3 минутты құраған жағдайда жүргізіледі.

"Ұлттық ақпараттық кеністіктің автоматтандырылған мониторингі" ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, теле-, радиоарна әфирінің үздіксіз жазылуын қамтамасыз ету техникалық тұрғыдан мүмкін болған жағдайда, >3 минут бұзушылық тіркелген кезде қателік ескерілмейді.

### **3-параграф. Отандық теле-, радиобағдарламалардың және музыкалық шығармалардың көлемін есептеу әдістемесі**

16. Қазақстан Республикасы аумағында тіркелген және өз қызметін Қазақстан Республикасы аумағында және одан тысқары жерлерде жүзеге асыратын теле-, радиокомпаниялар немесе жеке және заңды тұлғалар жасап шығарған теле-, радиобағдарламалар Қазақстан Республикасы заңнамасының отандық теле-, радиобағдарламалар көлеміне қойылатын талаптарын сақтау мәнінде мониторинг жүргізу объектісі болып табылады.

17. Теле-, радиобағдарламаны жасап шығаруши ел сүйемелдейтін ақпарат және ашық көздердегі, оның ішінде Интернет желісіндегі ақпарат негізінде айқындалады.

18. Отандық теле-, радиобағдарламаларға:

1) Қазақстан Республикасы аумағында тіркелген теле-, радиокомпаниялар немесе жеке және заңды тұлғалар шетелдік компаниялармен бірлесіп жасалған теле-, радиобағдарламалар;

2) оларға авторлық құқықтарды берे отырып, отандық теле-, радиоарналардың тапсырысы бойынша (олардың қарожаты есебіне тең) жасалған теле-, радиобағдарламалар;

3) Қазақстан Республикасында франшиза бойынша тіркелген отандық телерадиоарналар, жеке және заңды тұлғалар жасаған теле-, радиобағдарламалар;

4) қазақстанның комментаторлар мен дикторлардың қатысуымен өтетін теле-, радиобағдарламалар жатады.

19. Телеарналарда дербес эфирлік оқиға ретінде таратылатын музыкалық шығармалар, сондай-ақ бір телебағдарлама шеңберіндегі музыкалық шығармалар отандық өндіріс көлемін есептеу кезінде ескерілмейді.

20. Бір радиобағдарлама шеңберінде таратылатын музыкалық туындылар дербес эфирлік оқиға ретінде есепке алынбайды және отандық радио хабарларын таратудың апталық көлемінде радио бағдарламалардың санына есептелмейді. Музыкалық туындылар өз бетінше және қандай да бір радиобағдарлама шеңберінде таратылмаған жағдайда, олар отандық өндірістегі дербес эфирлік оқиғалар ретінде музыкалық туындылардың радиобағдарламаларының санына есептеледі.

21. Қазақстан Республикасы заңнамасының отандық теле-, радиобағдарламалар көлеміне қойылатын талаптарын сақтау мәнінде теле-, радиоарналарға мониторинг жүргізу кезінде мыналар ескеріледі:

- 1) теле-, радиобағдарламаның әрбір шығарылымы және оның эфирде одан әрі қайталауды телерадио хабарларын таратудың апталық көлемінде жеке теле-, радиобағдарлама болып саналады;
- 2) жарнамаға немесе өзге де теле-, радиобағдарламаға теңестірілген теле-, радиобағдарлама шығарылымының жекелеген бөліктері бірлесіп бір теле-, радиобағдарлама болып саналады;
- 3) отандық телекомпаниялар қазақ және өзге де тілдерге аударған шетелдік теле-, радиобағдарламалар отандық теле-, радиобағдарламаларға жатпайды;
- 4) жарнама, эфирлік қосымшалар (Мемлекеттік Гимннің орындалуы, теле-, радиоарнаның өз атауын хабарлауы, теле-, радиоарнаның өз ақпараты (анонс), әлеуметтік жарнама отандық теле-, радиобағдарламалардың жалпы көлеміне енгізілмейді.

22. Телеарналардағы отандық телебағдарламалардың көлемі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\frac{Ntvrkz}{Ntv} * 100\% = Ntvrkz\%$$

мұнда:

Ntvrkz - отандық телебағдарламалардың аптадағы саны;

Ntv - телебағдарламалардың аптадағы жалпы саны;

Ntvrkz% - отандық телебағдарламалардың көлемі.

23. Отандық радиобағдарламалардың және музыкалық шығармалардың көлемі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\frac{Ntvrkz + Nmkz}{Ntv + Nm} * 100\% = Ntvrkz\%$$

мұнда:

Ntvrkz - отандық радиобағдарламалардың аптадағы саны;

N mkz - отандық өндірістің бір апта ішіндегі дербес музыкалық туындыларының саны;

Ntv - радиобағдарламалардың аптадағы жалпы көлемі;

Nm-бір апта ішіндегі өзіндік музыкалық туындылардың жалпы көлемі;

Ntvrkz% - отандық радиобағдарламалардың және музыкалық шығармалардың көлемі.

#### **4-параграф. Шетелдік теле-, радиоарналардың теле-, радиобағдарламаларын ретрансляциялау көлемін есептеу әдістемесі**

24. Шетелдік теле-, радиоарналардың теле-, радиобағдарламаларын ретрансляциялау көлемін есептеу кезінде жарнама уақыты, техникалық үзіліс және теле-, радиоарнаның эфирлік қосымшалары есепке алынбай, ретрансляцияланатын теле-, радиобағдарламалардың ұзақтығы тіркеледі және мынадай формула қолданылады:

$$\frac{Trtf\%}{T\ tvr} * 100\% = Trtf\%$$

мұнда:

Trtf - шетелдік теле-, радиоарналардың теле-, радиобағдарламаларын ретрансляциялау, минутпен алғанда;

Tvr - теле-, радиобағдарламалар хабарларын таратудың аптадағы жалпы көлемі, минутпен алғанда;

T rtfl % - ретрансляциялау көлемі.

#### **5-параграф. Теле-, радиоарналарда жарнаманың тәуліктегі көлемін есептеу әдістемесі**

25. Жүгіртпе жолды, әлеуметтік жарнаманы, үшінші жақтың жарнамасын қамтымайтын теле-, радиоарналардың өз өнімі туралы ақпаратты (анонстарды), теле-, радиоарна дайындаған және өткізетін іс-шаралар туралы хабарландыруды, сондай-ақ тікелей эфирде немесе қайталау жазбасында трансляцияланған жағдайда, оқиға орнында орналастырылатын жарнаманы қоспағанда, жарнама сипатындағы хабарламалар мен материалдарға мамандандырылмаған теле-, радиоарналардағы жарнаманың тәуліктегі көлемін есептеу мынадай формуланы пайдаланған кезде жүзеге асырылады:

$$\frac{TaD}{T\ bgD} * 100\% = TaD\%$$

мұнда:

TaD - тәуліктегі жарнама, минутпен алғанда;

TbgD - тәулігіне хабар таратудың жалпы көлемі;

T aD% - тәулігіне жарнама көлемі.

**6-параграф. Теле-, радиоарналарда хабар тарату уақытының бір сағаты ішінде жарнаманың жергілікті уақытпен сағат он сегізден бастап жиырма үшке дейінгі уақыт кезеңіндегі ұзақтығының жалпы көлемін есептеу әдістемесі**

26. Эр сағат сайынғы жарнаманың жергілікті уақытпен сағат он сегізден бастап жиырма үшке дейінгі уақыт кезеңіндегі ұзақтығының көлемі мына формула бойынша айқындалады:

$$\frac{\text{TaDp}}{\text{TaD}} * 100\% = \text{TaDp}\%$$

мұнда:

TaDp - сағат 18.00-ден 23.00-ге дейінгі аралықтағы әр сағат сайынғы жарнаманың ұзақтығы көлемі;

TaD - сағат 18.00-ден 23.00-ге дейінгі аралықтағы бір сағат ішінде хабар таратудың жалпы көлемі;

TaDp % - бір сағат ішінде хабар таратудың жалпы көлемінен сағат 18.00-ден 23.00-ге дейінгі аралықтағы әр сағат сайынғы жарнаманың ұзақтығы көлемі.

Уақыт аралығында техникалық іркілістер анықталған жағдайда, әр сағат сайынғы жарнаманың жергілікті уақытпен сағат он сегізден бастап жиырма үшке дейінгі уақыт кезеңіндегі ұзақтығының көлемін есептеу жүзеге асырылмайды.

**7-параграф. Жарнама сипатындағы хабарлар мен материалдарға мамандандырылмаған телеарналардағы телесауда көлемін есептеу әдістемесі**

27. Жарнама сипатындағы хабарлар мен материалдарға мамандандырылмаған телеарналардағы телесауда көлемін есептеу мына формуланы пайдаланған кезде жүзеге асырылады:

$$\frac{\text{Tcomg}}{\text{VaDinD}} * 100\% = \text{PTcomg}\%,$$

мұнда:

Tcomg - минутпен алғандағы телесауда;

VaDinD - тәулікпен алғанда жарнама таратудың және телесауданың жалпы көлемі;

PTcomg% - тәулікпен алғанда телесауда көлемі.

**Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің м.а. 05.08.2019 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**8-параграф. Коммерциялық жарнама сипатындағы қосымша ақпарат, қосарластыру және жүгіртпе жол түріндегі жарнама алаңының телеарналардағы экран алаңына арақатынасын есептеу әдістемесі**

28. Жарнаманың, жүгіртпе жолдың, коммерциялық жарнама сипатындағы қосымша ақпараттың қосарластыру өлшемі салынған графиканың экранның жалпы алаңының нүктелер санына қатысты нүктелер саны бойынша айқындалады.

29. Теле-, радиоарналардың "Телерадио хабарларын тарату туралы" және "Жарнама туралы" Қазақстан Республикасы Зандарының кадр алаңына қойылатын талаптарын сақтау мәніне мониторинг жүргізу кезінде келесі өлшемшарттар ескеріледі:

1) ашықтық дәрежесіне қарамастан, кез келген қосарластыру қосымша ақпарат болып саналады;

2) екі телебағдарламаны бір уақытта көрсеткен кезде (бір бағдарламадан екінші бағдарламаға өту) қосымша ақпарат факторы ескерілмейді.

30. Кадр алаңы суреті бар экран бейнесі болып табылады. Телеарна дабылы 16:9 форматында хабар тарататын болса, экрандық кашесінің алаңы (бейненің жоғарғы және үстінгі жағында бос қара кеңістік) экран алаңына есептелмейді. Экрандық каше жарнаманы, қосымша ақпаратты қосарластырған кезде қолданылатын болса, оның алаңы экран алаңына есептеледі.

31. Коммерциялық жарнама сипатындағы қосымша ақпарат немесе жарнама анимацияланған қосарластыру түрінде пайдаланылатын болса, оның алаңы кадрлар бойынша едәуір алаңмен есептеледі.

32. Коммерциялық жарнама сипатындағы қосымша ақпараттың, анимацияланған қосарластыру түрінде жарнаманың алаңын экран алаңынан есептеу мынадай формуланы қолдану кезінде жүзеге асырылады:

$$\frac{S_i}{S_{sc}} * 100\% = S\ i\%$$

мұнда:

$S_i$  – коммерциялық жарнама сипатындағы қосымша ақпараттың, анимацияланған қосарластыру түрінде жарнаманың алаңы;

$S_{sc}$  – экран алаңы;

$S\ i\%$  - қосымша ақпараттың алаңы.

33. Жүгіртпе жол тәсілімен көрсетілетін жарнама алаңын экран алаңынан есептеуге арналған формула:

$$\frac{S_{act}}{S_{sc}} * 100\% = S_{act}\%$$

мұнда:

S<sub>act</sub> – жүгіртпе жол тәсілімен көрсетілетін жарнама алаңы;

S<sub>sc</sub> – экран алаңы;

S<sub>act</sub>% - қосарластыру түріндегі жарнама алаңы.

**9-параграф. Теле-, радиоарналардың Қазақстан Республикасы заңнамасының Мемлекеттік гимні орындауға, телебағдарламаларды тарату кезінде мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қорғауға қойылатын талаптарды сақтауы түрғысынан мониторингті есептеу ерекшеліктері әдістемесі**

**Ескерту. 9-параграфының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 05.10.2022 № 419 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

34. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 8-бабы 1-тармағының 4) тармақшасымен белгіленген талаптарды сақтау мәніне теле-, радиоарналардың мониторингін жүзеге асырған кезде тәулік сайын теле-, радиоарналар эфирге шыққан кезде, олардың хабар таратуы басталғанда және аяқталғанда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні орындалмаған жағдайда бұзушылық тіркеледі.

Үздіксіз хабар тарататын теле-, радиоарналарға қатысты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін тәулігіне бір рет орындау міндетті болып табылады. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындау ұзактығы теле-, радиоарналардың тәуліктік эфирінің жалпы көлемінде ескерілмейді.

**Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 05.10.2022 № 419 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

35. "Телерадио хабарларын тарату туралы" Заңның 30-бабының 1-тармағын сақтау туралы талап ақпараттық-талдамалық телебағдарламаны қоспағанда, телеарнаның хабар тарату кестесіне жергілікті уақытпен он алтыдан жиырма екі сағатқа дейінгі кезеңде жаңалықтар сипатындағы кемінде бір телебағдарламаның шығуы енгізілген күндерге қолданылады.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің м.а. 05.08.2019 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК